

«КЕЛІСЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің І-Вице-президенті

Ж.Томар

«28» 01. 2020 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің президенті

Б.Абдрасилов

2020 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-106-2020


ҚОСДИПЛОМДЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖӘНЕ
БІРЛЕСКЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығымен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер:
 - Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының басшысы М.Жолшибекова
 - Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Т.Ниязов
 - Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары Б.Шен
3. Келісілді:
 - Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице президент Ш.Есимова
 - Оқу-әдістемелік істері жөніндегі вице-президент У.Умбетов
 - Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент Пусат Пилтен
 - Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Ғ.Мусаханов
 - Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
4. ЕНГІЗІЛДІ 2020ж.
5. Тексерілу мерзімі 2022 ж.

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан, 2020



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-106-2020
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Қосдипломды білім беру бағдарламаларын және бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы ережесі		11 беттің 2 – ші беті

Мазмұны

1.	Қолданылу саласы _____	3
2.	Нормативтік сілтемелер _____	3
3.	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар _____	4
4.	Жауапкершілік _____	4
5.	Жалпы ережелер _____	5
6.	Қосдипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру тәртібі _____	5-7
7.	Бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру тәртібі _____	7-8
8.	Өзгерістерді енгізу тәртібі _____	8
9.	Келісу, сақтау және тарату _____	9
10.	Қосымшалар _____	10-11

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-106-2020
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Қосдипломды білім беру бағдарламаларын және бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы ережесі		11 беттің 4 – ші беті

3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Анықтамалар:

Қосдипломды білім беру дегеніміз – құндылығы бірдей екі диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында екі білім беру бағдарламасы мен оқу жоспары бойынша оқу мүмкіндігі.

Бірлескен білім беру бағдарламалары дегеніміз – екі немесе бірнеше, соның ішінде шет елдік оқу орнының ресурстарын, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзге де (ғылыми, педагогикалық, медициналық, мәдени ұйымдардың, дене шынықтыру-спорттық) ұйымдардың ресурстарын пайдаланып әзірленетін және іске асырылатын білім беру бағдарламалары.

3.2 Университеттің осы ережесінде төмендегі қолданылатын қысқартулар:

Университет - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
УЕ - Университет ережесі;

ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

ЖЖОКБҰ – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;

ЖБКББО – Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығы;

БББ – Бірлескен білім беру бағдарламасы;

НҚА – Нормативтік құқықтық актілер;

БҒЗЖ – Білім алушының ғылыми-зерттеу жұмысы;

СМЖ – Сапа менеджменті жүйесі;

СРСО – Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1 УЕ университет Сенаты мәжілісінде бекітіледі.

4.2 Бекітілген ереже қолданушылардың назарына жеткізу жауапкершілігі кафедра меңгерушілеріне және мектеп/факультет декандарына жүктеледі.

4.3 Осы ереже талаптарын нормативті құжаттарға және регламенттеуші талаптарға сәйкестендіру жауапкершілігі орталық басшысына жүктеледі.

4.4 Осы ереже «ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқаруға» сәйкес басқару жауапкершілігі СРСО басшысына жүктеледі.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Еңбек нарығының жалпы талабы кәсіби құзіреттіліктерді меңгерген, қоғам мен еңбек нарығының күн сайын өсіп тұрған мұқтаждықтарын өтеуге өз үлесін қоса білетін білікті әрі бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау болып табылады.

5.2 Бірлескен білім беру бағдарламалары және қосдипломды білім беру бағдарламаларын жобалаудың ерекшелігі – Қазақстан Республикасы мен әріптес елдердің кәсіби білім беру саласы мамандарының білімгерлерді даярлау сапасын және олардың еңбек нарығындағы сұраныста болуы саласындағы бірлескен жұмыс тәжірибесі.

5.3 Жоғарыда аталған бағдарламалардың ерекше сипаты білім алушыларды жана технологиялар мен құзіреттіліктерді меңгеруге бағдарлауды күшейту, әріптес жоғары оқу орындары тәжірибесіне сүйеніп, байланыстарды дамыту болып табылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-106-2020
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Қосдипломды білім беру бағдарламаларын және бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы ережесі		11 беттің 3 – ші беті

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Қосдипломды білім беру бағдарламаларын және бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру тәртібі қамтылған осы Ережені университетінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, барлық мектеп/факультеттердің оқытушы-профессорлар құрамы, қызметкерлері және білім алушылары қолданады.

1.2 Болон процесіне қосылған қатысушы елдер оның негізгі параметрлерін орындау міндеттемесін мойнына алады, ол параметрлерге қосдипломды білім беру бағдарламасы, бірлескен білім беру бағдарламалары жатады.

1.3 Бұл Ереже университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және білім беру бағдарламалары бойынша жауапты барлық кафедраларына таратылады.

1.4 УЕ-ХҚТУ-106-2020 Ережесі университеттің СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Университет ережесін даярлау барысында келесі нормативтік құқықтық құжаттар пайдаланылды және сілтеме жасалынды:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы жаңа редакцияда ҚР 04.07.2018 № 171-VI);
- «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы: «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы;
- «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы, ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы №563 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген бұйрығы;
- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығының «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»;
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы (Классификатор)» ҚР БҒМ 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы;
- «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығы, ҚР БҒМ 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №507 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген бұйрығы;
- ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;
- ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-106-2020
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Қосдипломды білім беру бағдарламаларын және бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы ережесі		11 беттің 5 – ші беті

6. ҚОСДИПЛОМДЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

6.1 Қосдипломды білім беру бағдарламасы дегеніміз – жоғары білім және (немесе) жоғары білімнен кейінгі білім беретін ұйым болып табылатын әріптестердің жоғары білім беру және (немесе) жоғары білімнен кейін білім беру бағдарламаларының (бұдан әрі – БББ) салыстырмалылығына және синхрондалуына негізделген бағдарлама, ол бағдарлама мақсаттары мен мазмұнын белгілеу, оқу үдерісін ұйымдастыру, берілетін ғылыми дәрежелер немесе берілетін біліктіліктер сияқты мәселелер бойынша тараптардың ортақ міндеттемелерді өз мойнына алуымен сипатталады.

6.2 Қосдипломды білім берудің БББ-да оқытудың нәтижелері және білім алушының әріптес ЖЖОКБҰ-да оқу барысында алатын құзіреттіліктерінің сипаттамалары міндетті түрде қамтылуы тиіс.

6.3 Қосдипломды білім беру бағдарламалары әріптес ЖЖОКБҰ-лар (кемінде екі ЖЖОКБҰ) өзара жасасатын шарт негізінде әзірленеді, бұл орайда әріптес ЖЖОКБҰ кадр даярлауды ХҚТУ-ның қосдипломды білім беру бағдарламасы әзірленіп отырған кадр даярлау бағыттары бойынша жүзеге асыруы және оның сол БББ бойынша лицензиясы болуы тиіс.

6.4 БББ бекіту рәсімі әріптес ЖЖОКБҰ-мен келіскеннен кейін ХҚТУ-нің ішкі НҚА сәйкес жүзеге асырылады және содан соң ол білім беру бағдарламасы ҚР БҒМ БББ тізіліміне енгізіледі.

6.5 Әріптес ЖЖОКБҰ-мен жасалатын шартта БББ іске асырудың барлық шарттары аталып өтеді. Бұл орайда қосдипломды білім беру бағдарламаларын іске асырудың міндетті шарттары мына аталғандар болып табылады:

- БББ бірлесіп әзірлеу және бекіту;
- Қосдипломды білім беру жүйесіне қосылған білім алушының БББ бір бөлігін әріптес ЖЖОКБҰ-да меңгеруі;
- өзара келісушіліктер, сапаны қамтамасыз етудің жалпы қағидаттары мен стандарттары негізінде оқу кезеңдері мен нәтижелерінің міндетті түрде мойындалуы және автоматты түрде қайта есепке алынуы;
- оқытушылардың қосдипломды білім беруге, оқытуға, ортақ қабылдау және аттестаттау комиссияларының жұмысына қатысуы;
- қосдипломды білім беру бағдарламасын толық меңгерген білім алушыға шарт негізінде бағдарламаның қатысушысы болып табылатын әрбір ЖЖОКБҰ дәрежесі немесе бір бірлескен дәреже беріледі;
- ЖЖОКБҰ-дағы қорытынды аттестаттау рәсімін әріптес ЖЖОКБҰ өкілінің міндетті түрде қатысуымен өткізіледі;
- білім алушы: оқу-әдістемелік, аудиториялық, ақпараттық, тұрғын-жай, көлік т.с.с. ресурстармен қамтамасыз етіледі;
- бағдарламаны іске асыру қаржылық тұрғыда қамтамасыз етіледі, яғни оқудың құны, стипендия, білім алушының трансфері төленеді.

6.6 Заң бөлімімен (Құқықтық қамтамасыз ету бөлімі) талқылаудан өткеннен кейін әріптес ЖЖОКБҰ-мен екі тараптың мемлекеттік тілдерінде екі данада шарт жасалып, тараптардың қолдары қойылып, тараптардың әрқайсысына беріледі.

6.7 Қосдипломды білім беру бағдарламаларын магистратураның бағдарламалары негізінде іске асыру ұсынылады (іске асыру кезіндегі түрлі тәуекелдерді азайту мақсатында).

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҰЕ-ХҚТУ-106-2020
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Қосдипломды білім беру бағдарламаларын және бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы ережесі		11 беттің 6 – ші беті

6.8 Деканат және кафедра Халықаралық серіктестік орталығымен бірлесіп кадр даярлау бағыттары бойынша әріптес ЖЖОКБҰ-ны таңдауға бағытталған іс-әрекеттерді өзара келісіп, сол ЖЖОКБҰ-мен хат алмасады.

6.9 Әріптес ЖЖОКБҰ-да оқу мерзімін тараптар өзара келіседі. Әріптес ЖЖОКБҰ-да оқудан өтудің оңтайлы мерзімін магистратура бағдарламасы бойынша 2-ші және 3-ші семестрлер деп белгілеген жөн.

6.10 Қосдипломды білім беру бағдарламалары бойынша оқыту барысында қашықтықтан оқыту технологияларын қолдануға болады.

6.11 Әріптес ЖЖОКБҰ-да оқудан өтіп, реципиент елден екінші диплом алу туралы шешім білім алушының жеке оқу жоспарына жазылып, университет Сенаты мәжілісінің отырысында бекітіледі.

6.12 Білім алушыны қосдипломды білім беру бағдарламасына қосу білім алушының өтініші негізінде және әріптес ЖЖОКБҰ-мен жасалған шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

6.13 Білім алушы қосдипломды білім беру бағдарламасына есепке алу рәсімінен әріптес ЖЖОКБҰ өкілдерінің қатысуымен өтеді.

6.14 Қосдипломды білім беру бағдарламасына қосылған шетелдік білім алушы «қосылған білім беру» айрықша белгісін қоя отырып және оқыту кезеңін, мерзімін, пәндер санын және меңгерілетін кредиттердің көлемін көрсете отырып, білім берушілердің жалпы контингентіне есепке алу жөніндегі ұқсас рәсімдерден өтеді.

6.15 Білім алушының жеке оқу жоспарында оқыту пәндерінің тізімі, олардың еңбек сыйымдылығы (кредиттер мен сағаттар түрінде), семестрлер, пәндер меңгерілетін жоғары білім беру және (немесе) жоғары білімнен кейін білім беру ұйымдары бойынша жіктелуі қамтылады.

6.16 Әріптес ЖЖОКБҰ-да меңгерілген кредиттерді қайта есепке алу растайтын құжаттар: транскрипт және оқу туралы шарт – табыс етілген жағдайда факультет деканы мен бітіруші шығаратын кафедра меңгерушісінің ұсыныстары негізінде Академиялық комитеттің отырысында жүзеге асырылады.

6.17 Қосдипломды білім берудің БББ әзірлеу барысында Қазақстан Республикасының жоғары білім беру және (немесе) жоғары білімнен кейін білім берудің жалпыға міндетті стандарттарының талаптары және әріптес ЖЖОКБҰ талаптары ескеріледі.

6.18 Білім алушының жеке оқу жоспарын жасау кезінде екі тараптың БББ-да қамтылған пәндердің тізімдері ескеріледі. Сонымен қатар білім алушы практикалардың барлық түрлерін және қорытынды аттестаттауды толық көлемде өтеді.

6.19 Білім алушы жеке оқу жоспарына сәйкес екі ЖЖОКБҰ-да өте алатын практикаларды: педагогикалық практиканы ХҚТУ-де, ғылыми-зерттеу практикасын әріптес ЖЖОКБҰ-да өтеді.

6.20 Қосдипломды білім беру бағдарламасының қатысушысы жоғары білімнен кейін білім алу бағдарламасының қатысушысы болса, оған қабылданған күннен бастап екі ай өткен соң негізгі ЖЖОКБҰ-нан ғылыми жетекші және әріптес ЖЖОКБҰ-дан ғылыми кеңесші тағайындалады.

6.21 Білім алушының ғылыми-зерттеу жұмысын орындауы оқу барысында екі ЖЖОКБҰ-да іске асырылады. Оқу бітіру жұмысын диссертация немесе жоба түрінде ұсынуға болады.

6.22 Білім алушы БҒЗЖ аясында әріптес ЖЖОКБҰ-да тағылымдамадан өтіп, әріптес ЖЖОКБҰ-да бекітілген тағылымдамадан өту бағдарламасын ұсынуына болады.

6.23 БҒЗЖ орындалуы туралы есепке ғылыми жетекшілердің екеуі де қол қояды және ол есеп екі ЖЖОКБҰ-да есепке алынады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-106-2020
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Қосдипломды білім беру бағдарламаларын және бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы ережесі		11 беттің 7 – ші беті

6.24 Қорытынды аттестаттау шартқа сәйкес ЖЖОКБҰ-да оқу жұмысын қорғау түрінде жүзеге асырылады. Қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссияның құрамына әріптес ЖЖОКБҰ-ның өкілдері қосылады.

6.25 Оқуды тәмамдап, бағдарламалардың әрқайсысында қойылған барлық талаптарды орындаған соң білім алушыға дәреже берілгені туралы белгіленген үлгідегі дипломдар (әр ЖЖОКБҰ-дан бөлек) және транскрипттер (әр ЖЖОКБҰ-дан бөлек) немесе өзара келісім негізінде бір бірлескен диплом беріледі.

7. БІРЛЕСКЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

7.1 Білім беру бағдарламалары төменде аталған сипаттамаларды иеленген жағдайда бірлескен болып саналады:

- бағдарламаларды екі не бірнеше ЖЖОКБҰ бірлесіп әзірлеп, мақұлдаса;
- ЖЖОКБҰ білім алушысы оқудың бір бөлігін белгілі бір даярлық бағыты бойынша бір не бірнеше ЖЖОКБҰ-да өтеді;
- Білім алушының ХҚТУ-да және әріптес ЖЖОКБҰ-да оқу мерзімінің ұзақтығы бірдей болады;
- Академиялық комитет отырысында бекітілгеннен кейін әріптес ЖЖОКБҰ-да оқыған мерзімі мен тапсырылған емтихандары толығымен танылады;
- сондай-ақ ХҚТУ оқытушылары әріптес ЖЖОКБҰ-да сабақ беріп, олардың оқытушыларымен бірлесіп оқу бағдарламаларын әзірлей алады және оқуға қабылдау, емтихан қабылдау жөніндегі бірлескен комиссияларды құра алады.

7.2 Бірлескен бағдарламалардың басты мәселелері:

- даярлау сапасы мәселелері;
- бірлескен дипломдарды тану (мойындау) мәселелері;
- бірлескен білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудың қаржылық мәселелері.

7.3 Бұл бағдарламаларды жоғары білім беру және жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асыруға болады.

7.4 Деканат және кафедра Халықаралық серіктестік орталығымен бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыратын әріптес ЖЖОКБҰ-ын таңдау жөнінде өзара әрекеттесіп, олармен хат алмасады.

7.5 Әріптес ЖЖОКБҰ кадр даярлауды ХҚТУ-ның бірлескен білім беру бағдарламасы әзірленіп отырған кадр даярлау бағыттары бойынша жүзеге асыруы және оның сол БББ лицензияланған болуы тиіс.

7.6 БББ-да оқытудың нәтижелері және білім алушының әріптес ЖЖОКБҰ-да оқу барысында алатын құзіреттіліктерінің сипаттамалары қамтылуы тиіс.

7.7 БББ бекіту рәсімі әріптес ЖЖОКБҰ-мен келіскеннен кейін ХҚТУ-нің ішкі НҚА сәйкес жүзеге асырылады және содан соң ол білім беру бағдарламасы ҚР БҒМ БББ тізіліміне енгізіледі.

7.8 Білім алушылардың БББ ұйымдастыруды, білім алушыларды іріктеуді ЖЖОКБҰ дербес түрде, әріптес ЖЖОКБҰ қатысуымен жүзеге асырады.

7.9 БББ іске асыру барысында білім алушы оқу кезеңінің бір бөлігін әріптес ЖЖОКБҰ-да, соның ішінде шет елде оқиды. Бұл орайда білім беру ұйымдарының арасында екі жақты шарт жасалады.

7.10 Білім алушыны мемлекет деңгейінде қаржыландырылатын БББ аясында оқуға жолдау шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-106-2020
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Қосдипломды білім беру бағдарламаларын және бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы ережесі		11 беттің 8 – ші беті

7.11 Әріптес ЖЖОКБҰ-мен жасалатын шарттарда БББ іске асырудың барлық шарттары аталып өтеді. Бұл орайда БББ бағдарламаларын іске асырудың міндетті шарттары мына аталғандар болып табылады:

- оқыту тілі;
- әріптес ЖЖОКБҰ-да оқу кезеңіндегі білім беру бағдарламаларын бірлесіп әзірлеу және бекіту;
- БББ қосылған білім алушылардың білім беру бағдарламасының бір бөлігін әріптес ЖЖОКБҰ-ның жоғары білім беру және (немесе) жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымында меңгеруі;
- өзара келісушіліктер, сапаны қамтамасыз етудің жалпы қағидаттары мен стандарттары негізінде оқу кезеңдері мен нәтижелерінің міндетті түрде мойындалуы және автоматты түрде қайта есепке алынуы;
- оқытушылардың БББ қатысуы, білім беру бағдарламасын бірлесіп әзірлеуі, оқытуға, білімді аралық бақылауға қатысуы;
- білім алушының оқу-әдістемелік, аудиториялық, ақпараттық, тұрғын-жай, көлік т.с.с. ресурстармен қамтамасыз етілуі;
- оқу кезеңі барысында БББ бағдарламасын іске асырудың қаржылық тұрғыда қамтамасыз етілуі, яғни оқудың құны, стипендия, білім алушының трансфері төленуі.

7.12 Заң бөлімімен (Құқықтық қамтамасыз ету бөлімі) талқылаудан өткеннен кейін әріптес ЖЖОКБҰ-мен екі тараптың мемлекеттік тілдерінде екі данада шарт жасалып, тараптардың қолдары қойылып, тараптардың әрқайсысына беріледі.

7.13 ЖЖОКБҰ-да оқу тілі шартта көрсетіледі. Халықаралық БББ қатысу үшін білім алушы оқыту тілін қабылдаушы білім беру ұйымы көздеген деңгейде меңгерген болуы тиіс.

7.14 Әріптес ЖЖОКБҰ-да оқудан өтіп, реципиент елден БББ бойынша транскрипт алу туралы шешім білім алушының жеке оқу жоспарына жазылып, университет Сенаты мәжілісінің отырысында бекітіледі.

7.15 Білім алушының БББ бойынша оқудан өткенін растайтын қорытынды құжат транскрипт (үш тілде) немесе оқыған еліндегі оған теңдес құжат болып табылады.

7.16 Транскриптке оқыту бағдарламасы туралы мәліметтер енгізіледі, атап айтқанда: пәндердің (модульдердің) атауы, бағалар, меңгерілген академиялық кредиттердің саны.

7.17 Білім алушы БББ аясында толық көлемде меңгеріп, транскриптпен расталған оқу нәтижелерін ЖЖОКБҰ міндетті түрде факультет деканы мен бітіруші шығаратын кафедра меңгерушісінің ұсыныстары негізінде Академиялық комитеттің отырысында қайта есепке алынады.

7.18 БББ бойынша оқуы аяқталғаннан кейін білім алушы ХҚТУ-да бұрын бекітілген БББ бойынша оқуын жалғастырады.

8. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 сәйкес жүзеге асады.

8.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс (Қосымша 2.)

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-106-2020
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Қосдипломды білім беру бағдарламаларын және бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы ережесі		11 беттің 9 – ші беті

9. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1 Осы Университет Ережесін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделіп, бекітуге ұсыну туралы қаулы шығарады (Университет Сенат мәжілісінің 2020 ж. «28» 01 № 6 хаттамасы). Университеттің I-Вице-президентімен келісіп, университетің президенті тарапынан бекітіледі.

9.2 Осы Университет Ережесінің жұмыс данасын сақтау, көбейту және қолданушыларға жіберу үшін жауапкершілік Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының басшысына жүктеледі. Осы Университет Ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адресстер бойынша Мектеп/факультет декандарына, декан орынбасарларына, кафедра меңгерушілеріне, білім алушыларға жіберіледі.

9.3 Осы Университет Ережесінің бақылау данасы СРСО-ға сақтауға беріледі.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице президент



Ш.Есимова

Оқу-әдістемелік істері жөніндегі вице-президент



У.Умбетов

Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент




Пусат Пилтен

Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы



Ғ.Мусаханов

Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы



Ж.Дарибаев

